

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 тамызда № 29092 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 146 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16913 болып тіркелген);

2) "Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 11-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20935 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*ҚР Денсаулық сақтау
министрінің міндетін атқарушы*

А. Есмагамбетова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

ҚР Денсаулық сақтау
министрінің міндетін атқарушы
2022 жылғы 10 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-78
Бұйрығымен бекітілген

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне (бұдан әрі – объектілер) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) санаторий-курорттық ұйымдар – курорттарда немесе емдеу-сауықтыру орындарында: санаторий (ересектерге, ересектер мен балаларға, балаларға арналған), студенттік санаторий-профилакторий, балаларды оңалту-сауықтыру орталығында орналасқан, медициналық және өзге де қызметтерді, табиғи емдік факторларды қолдана отырып, адам денсаулығын сауықтыру және қалпына келтіру бойынша санаторий-курорттық қызметтер көрсететін ұйымдар;

2) санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін куәландыратын құжат.

2-тарау. Балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінің құрылысына жер учаскесін таңдауға, жобалауға, жаңасын салуға, реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға және жұмыс істеп тұрған объектілерді кеңейтуге, қайта бейіндеуге және пайдалануға беруге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Объектілердің құрылысына жер учаскесін таңдау, жобалау, жаңасын салу, реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және жұмыс істеп тұрған объектілерді кеңейту, қайта бейіндеу және пайдалануға беру "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарына сәйкес айқындалады, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 46-бабына, Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес бекітілетін санитариялық қағидаларға, гигиеналық нормативтерге, техникалық регламенттерге (бұдан әрі – нормалау құжаттары) және осы Санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Объектілер үшін жер учаскесі құрғақ, желдетілетін етіп таңдалады. Учаске шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауды ұйымдастыру үшін қолайлы кірме жолдары мен жағдайлары бар атмосфералық ауаны ластау көздерінің жел жағында болады.

Балаларды сауықтыру объектілері (бұдан әрі – БСО) кәсіпорындардың, құрылыстардың және өзге де объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарынан, санитариялық ажыраулардан, гараждардан, автотұрақтардан, автомагистральдардан, теміржол көлігі объектілерінен, әуе көлігінің ұшу және қону маршруттарынан тыс орналастырылады.

БСО-ның аумағында және үй-жайларда олармен байланысы жоқ объектілерді функционалдық түрде орналастырмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жұмыс істеп тұрған объектілерді жобалау, реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, объектілердің типіне, қуатына (сыйымдылығына), жұмыс режиміне, мамандануына, қызмет көрсетілетін халық контингенттерінің ерекшелігіне байланысты объектілерді қайта бейіндеу кезінде үй-жайлардың құрамы, жиыны, алаңы және олардың құрылысы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына, нормалау құжаттарының талаптарына, осы тараудың 7-13-тармақтарына және осы Санитариялық қағидалардың 3-тарауының талаптарына сәйкес айқындалады.

Ғимараттар мен құрылыстарды БСО-ға (жалға) уақытша пайдалану кезінде осы Санитариялық қағидалар мен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің, нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес үй-жайлардың құрамы, жиынтығы, ауданы бойынша талаптары сақталады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Объектілерді жобалау, реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, қайта бейіндеу кезінде және учаскеде әкімшілік-шаруашылық, тұрмыстық үй-жайлардан топтық оқшаулау қағидаты сақталады.

7. Балаларды сауықтыру объектілерінде (бұдан әрі – БСО) жобалау, реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, қайта бейіндеу кезінде бір жатын бөлмедегі орын саны бір балаға 4 шаршы метр (бұдан әрі – м²) есебінен көзделеді.

Балаларды сауықтыру объектілері– ол балаларды сауықтыру, олардың демалысы кезінде жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасайтын, 6 жастан бастап балаларды сауықтыруға арналған объектілер, оның ішінде маусымдық және жыл бойы жұмыс істейтін БСО, сондай-ақ балалардың демалыс базалары мен орындары.

8. Объектілерді жобалау, реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, қайта бейіндеу кезінде бір балаға 2 м² есебінен ойын бөлмесінің ауданы, санаторийдегі тұрғын бөлменің ауданы бір орынға кемінде 6 м² есебінен көзделеді.

9. Санаториялық объектілерде сумен емдеуге, балшықпен емдеуге арналған емдеу корпустары жеке тұрған ғимараттарда орналастырылады. Жобалық оқшаулау кезінде жапсарлас салынған объектіге орналастырылады.

Шешінетін бөлмелер, санитариялық торап және себезгі бөлмелері жеке кіретін есігі бар жеке блоктарға топтастырылады

Балшықтарды сақтау үшін тек қана таза балшықты пайдалануға есептелген бірнеше бассейндер көзделеді.

Санаторий объектілері— бұл белгіленген режимді сақтаған кезде, алдын алуға, медициналық оңалтуға (санаторий-курорттық емдеуді қоса алғанда) және басым табиғи жағдайларды, оның ішінде табиғи емдік физикалық факторларды (климат, минералды сулар, балшықтар), физиотерапиялық әдістерді, емдік дене шынықтыруды пайдалана отырып, демалуға арналған ұйымдар, оның ішінде санаторий-курорттық ұйымдар, туберкулезге қарсы ұйымдар (санаторийлер).

10. Санаторийлерде бальнеологиялық рәсімдерді (су рәсімдері) жүргізу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің, "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес дербес бальнеотехникалық құрылғылары бар жеке үй-жайлар жабдықталады.

Емшара кабинеттерінде әрбір кушетка (кресло) жеке кабиналарда орнатылады. Бір емшара кабинетіндегі кушеткалардың (креслолардың) саны сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес объектінің ерекшелігіне, оның жұмыс режиміне, рәсімдердің мамандануына байланысты емшара кабинетінің алаңын және бір кушеткаға ауысымда жүзеге асырылатын рәсімдердің есептік санын ескере отырып айқындалады.

11. Емдік массаж жүргізуге арналған үй-жайлардың құрамында объектілерде массаж жасауға арналған кабинеттер, себезгі бөлмесі көзделеді және пациенттердің сыртқы киімдерін ауыстыру және уақытша сақтау үшін жағдайлар жасалады.

12. Үй-жайлардың ішін әрлеу үшін жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын, олардың сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжаттары бар уытты емес құрылыс материалдары пайдаланылады.

13. Барлық үй-жайлардың төбелерінің, қабырғаларының, едендерінің беттері тегіс орындалады, үй-жайдың қолданылу мақсатына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді, пішіні бұзылмаған, зақымданбаған және грибокпен зақымдану белгілерінсіз орындалады. Еденнің үстіңгі беттері санитариялық өңдеуге жол беретін, жинауға ыңғайлы, сырғуды болдырмайтын материалдардан көзделеді.

Ылғалды жұмыс режимі бар үй-жайларда, сондай-ақ ылғалды ағымдағы дезинфекциялауға жататын үй-жайларда (оның ішінде медициналық және сауықтыру қызметтерін көрсетуге арналған үй-жайлар, ас блогы, ванна, себезгі, санитариялық тораптар, кір жуу орны, кір жуу бөлмесі, медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға

арналған үй-жайлар) қабырғалар мен еденнің беттері ылғалға төзімді материалдарды пайдалана отырып орындалады.

14. Объектілердің аумағында зақымдалмаған қоршау көзделеді.

Объектілер учаскесіне кіру жолдары мен кіреберістер, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинайтын алаңдарға жаяу жүргіншілер жолдары, тротуарлар мен пандустар қатты материалдардан жасалған, тегіс, сырғанауды болдырмайтын, тазалауға, жинауға қолжетімді және ыңғайлы жабынымен көзделеді.

Балаларды жыл бойы сауықтыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ДСМ-84 бұйрығы) сәйкес нысан бойынша объектіні пайдалануға беру басталғанға дейін санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны бір рет алады, балаларды маусымдық сауықтыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар жазғы сауықтыру маусымы басталғанға дейін жыл сайын санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.04.2025 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Объектілерде осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізіледі.

3-тарау. Сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге және ауа баптауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

16. Объектілерде "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31934 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығымен бекітілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келетін орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, суды бұру, жылумен жабдықтау көзделеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Объектілер ауыз сумен, оның ішінде нормалау құжаттарының талаптарына жауап беретін ыдыстарға құйылған (оның ішінде графиндер, шәйнектер, бөшкелер) немесе өнеркәсіптік дайындалған қапталған (ыдыстарға құйылған) ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Өнеркәсіптік дайындалған буып-түйілген (ыдысқа құйылған) ауыз су таңбалануы, оның қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттамасы, буып-түйілген ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттар бар болған кезде объектілерде ауыз су және өндірістік мақсаттар үшін қолданылады.

Кулерді жуу пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес және нұсқаулықта көзделген кезеңділікпен, бірақ күнтізбелік 7 (жеті) күнде кемінде бір рет, қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үш айда бір реттен сиретпей жүргізіледі.

Ауыз су үшін тамақ өнімдерімен жанасуға арналған таза ыдыстар (шыны, фаянс, пластмасса, бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланылады.

Қайнаған ауыз су мынадай:

ауыз суды кемінде 5 минут қайнату;

ол қайнаған ыдыста бөлме температурасына дейін салқындату;

үш сағаттан асырмай сақтау;

объектінің есепке алу құжаттамасында қайнаған ауыз суды ауыстыру уақытын есепке алуды жүргізу талаптары сақталған жағдайда пайдаланылады.

Ауыз суды сақтауға және жеткізуге тазартылған және дезинфекцияланаған көп рет қолданылатын сыйымдылықтар пайдаланылады.

18. Балалардың объектілерде болған барлық уақыты ішінде ауыз суға еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

19. Стационарлық ауыз су бұрқақтарының конструктивтік шешімдері судың тік ағысының айналасында кемінде 10 сантиметр (бұдан әрі – см) биіктікте шектеу сақинасының болуы көзделеді.

20. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған кезде ішкі сумен жабдықтау жүйелерінің құрылғысы бар орталықтанбаған және (немесе) дербес ауыз сумен жабдықтау жүйелерінің суын пайдалану көзделеді.

Жеке бас гигиенасын сақтау үшін су толтырылатын қосымша қол жуғыштардың қондырғысы пайдаланылады.

21. Объектілерде орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда су жылытқыштар орнатылады, ағынды ыстық сумен қамтылады.

Ыстық және салқын су барлық ванналарға, себезгілерге, кір жуатын орындарға, қолжуғыштарға, оның ішінде санитариялық тораптарда, түстену залдарында, тұратын орындарда, медициналық және сауықтыру қызметтерін көрсетуге арналған үй-жайларда, сондай-ақ араластырғыштарды орната отырып, ас блогындағы технологиялық жабдыққа жеткізіледі.

Жылыту жүйесіндегі ыстық суды технологиялық және тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Объектілерді кәрізденбеген және (немесе) ішінара кәріздендірілген жерде орналастыру кезінде орталықтандырылған суды бұру жүйесі болмаған кезде дербес (жергілікті) суды бұру жүйелері, оның ішінде санитариялық-ауалалық қондырғыларды орнату көзделеді.

Санитариялық-ауалалық қондырғылар (бұдан әрі – САҚ) – бұл орталықтандырылған суды бұрумен байланысты емес, объектінің аумағында орналасқан, жерүсті бөлігі және жерасты су өткізбейтін сыйымдылығы (шұңқыры) бар дәретхана.

Сарқынды суларды, оның ішінде САҚ-тан қабылдау объектінің аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, тазалау уақтылы жүргізілетін гидравликалық ысырмалары (сифондары) бар қақпақтармен жарақтандырылған, жалпы немесе бөлек жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарға (шұңқырларға, септиктерге) жүзеге асырылады.

Сарқынды суларды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа, сондай-ақ сіңіргіш құдықтарды орнатуға жол берілмейді.

САҚ-ты жинауды қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, жұмыс режимін ескере отырып күн сайын жүргізеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Объектілер орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесімен жабдықталады немесе жылумен жабдықтауға, оның ішінде ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз етуге арналған дербес жүйелер мен жабдықтар пайдаланылады.

24. Жылыту кезеңінде ауа температурасы:

1) жатын және оқу үй-жайларында, кабинеттерде, кітапханада, мәдени-көпшілік іс-шаралар мен демалысқа арналған үй-жайларда, компьютерлік сыныптарда, қызметтік-тұрмыстық, кір жуатын бөлмелерде плюс (бұдан әрі – "+") 18 градус Цельсийден (бұдан әрі – °C) +22 °C;

2) тамақтану залдарында, буфеттерде, үтіктеу, кептіру, қоймаларда және киім-кешектерде +16 °C;

3) физиотерапия кабинеттерінде, массаж кабинеттерінде +28 °C;

4) медициналық үй-жайларда +20 °C - +22 °C;

5) спортзалда және секциялық сабақтар өткізуге арналған бөлмелерде, рекреацияларда, вестибюль мен киім ілетін бөлмелерде, ас үйде, киім мен аяқ киім кептіретін бөлмеде $+15^{\circ}\text{C}$ - $+17^{\circ}\text{C}$;

6) спорт залының киім ауыстыратын бөлмесінде $+19^{\circ}\text{C}$ - $+23^{\circ}\text{C}$;

7) ванна бассейні бар үй-жайларда $+29^{\circ}\text{C}$ - $+30^{\circ}\text{C}$;

8) себезгіде $+25^{\circ}\text{C}$.

Үй-жайлардағы оңтайлы салыстырмалы ылғалдылық 40-55 %, ас үйде және кір жуатын бөлмеде – 60-70% дейін.

25. БСО-ның жатын үй-жайларын жылытылмайтын ғимараттарда орналастыру кезінде балалардың кіруіне күнтізбелік бес күн ішінде сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы кемінде $+16^{\circ}\text{C}$ болған кезде жол беріледі.

26. Объектілерде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің және нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес табиғи және жасанды жарықтандыру көзделеді.

27. Жасанды жарықтандыру үшін жарықдиодты шамдар, люминесцентті, энергия үнемдейтін және қыздыру шамдары, үй-жайлардың қолданылу мақсатына байланысты шамдардың түрлері қолданылады. Жалпы жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделеді. Бір бөлмеде бір типтегі шамдар қолданылады. Шамдар плафондармен қамтамасыз етіледі.

28. Үй-жайларды жасанды жарықтандыру деңгейлері осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етіледі.

29. Істен шыққан шамдар ауыстырылады. Объектілерде пайдаланылған, жарамсыз, құрамында сынабы бар шамдарды, медициналық аспаптар мен сынапты толтырушы жабдықтарды жинау, уақытша сақтау (бірақ алты айдан аспайтын) және тасымалдау (бұдан әрі – құрамында сынабы бар қалдықтар) "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген) және құрамында сынабы бар қалдықтардың айналысы бойынша стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды қоқыс жинағыштарға тастауға жол берілмейді.

30. Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру, оның ішінде САҚ-та көзделеді.

БСО-ның негізгі үй-жайларында табиғи жарық болады.

Қойманы, тұрмыстық бөлмені, мүкәммал бөлмесін, қол жуу бөлмесін, себезгіні, санитариялық тораптарды, дезинфекциялау құралдарын дайындауға арналған үй-жайларды табиғи жарықсыз пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Объектілердің үй-жайларында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына және нормалау құжаттарына сәйкес табиғи және механикалық желдету және (немесе) ауа баптау жүйелері көзделеді.

Желдету және ауаны баптау жүйелерін пайдалану кезінде нормалау құжаттарының талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі, сондай-ақ оларды тазалау немесе ауыстыру кезінде оларға қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

32. Ас блогында механикалық іске қосылатын желдеткіш көзделеді. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстіне жергілікті сору жүйелері орнатылады.

Массаж кабинеті механикалық желдеткішпен жабдықталады.

Себезгі бөлмелері, санитариялық тораптар және балшықпен емдеу үй-жайлары дербес сору желдеткішімен жабдықталады.

33. Барлық үй-жайларда ашылатын терезелер, желкөздер, арқылы табиғи желдету көзделеді.

Желдеткіш – бұл гигиеналық және технологиялық талаптарға сәйкес ауа ортасын құруды қамтамасыз ететін үй-жайлардағы табиғи немесе жасанды реттелетін ауа алмасу, сондай-ақ ауа алмасуды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың жиынтығы.

4-тарау. Балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінің үй-жайларын, ғимараттар, құрылыстар мен жабдықтарын жөндеуге, күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

34. БСО-да жазғы сауықтыру маусымының ашылуының алдында жөндеу-қалпына келтіру және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады және жүргізіледі:

1) жөндеу-қалпына келтіру және профилактикалық іс-шараларын қамтитын үйлерді жөндеу жұмыстары;

2) инженерлік желілердің, желдету және ауа баптау жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін тексеру, желдеткіш жүйелерін тексеру актілерінің болуы;

3) ауызсуды зерттей отырып, сумен жабдықтау құрылыстары мен желілерін профилактикалық жуу және дезинфекциялау, мамандандырылған ұйымдармен сумен жабдықтау жүйелерін жуу жөніндегі актінің болуы. Сумен жабдықтау жүйелерін тазарту, жуу және дезинфекциялау актісі № 26 Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді;

4) аумақты қоқыстан тазарту және абаттандыру;

5) қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақтың мемлекеттік тіркеуіне енгізілген дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық құралдарды (бұдан әрі – құралдар) қолдана отырып, профилактикалық дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу. Құралдар таңбалау, олардың қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттама, қауіпсіздікті растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттар (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік), дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар бойынша орындалған жұмыстар туралы актілер болған кезде қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес пайдаланылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Объектілердегі жөндеу сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің, нормалау құжаттарының және осы Санитариялық қағидалардың 2 және 3-тарауларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ағымдағы жөндеу объектілерде жыл сайын жүргізіледі.

36. БСО-ны, санаторийлерді күтіп-ұстау және пайдалану медициналық және сауықтыру қызметтерін көрсету бойынша ерекшелікке, жұмыс режиміне және мамандандыруға байланысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26831 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-15 бұйрығы) "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық тамақтану, бөлшек сауда, сауықтыру және бос уақыт мақсатындағы, тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін, балалардың, ересектердің (пациенттердің, демалушылардың) тұратын орындарын және объектінің аумағындағы персоналды күтіп-ұстау және пайдалану нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

37. БСО мен санаторий объектілері авариялық ғимараттар мен үй-жайларда орналастырылмайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Желдету үшін ашылатын терезелерге, желкөздерге, фрамугаларға жылдың жылы мезгілінде жәндіктердің кіруінен қорғайтын алмалы-салмалы торлар орнатылады.

39. Объектілердің аумағы және қоршаудың сыртындағы оған іргелес аумақ таза ұсталады.

40. Сауықтыру науқаны басталар алдында және әрбір ауысым аяқталғаннан кейін техникалық персонал күрделі жинау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Объектілердің барлық үй-жайлары, ғимараттары, құрылыстары мен жабдықтары таза ұсталады. Үй-жайларды ағымдағы жинау қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ өнімін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, кейіннен желдете отырып, күн сайын ылғалды тәсілмен жүргізіледі. Жуу және дезинфекциялау құралдары таңбалау, олардың қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттама, қауіпсіздікті растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттар (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) бар болған кезде қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес пайдаланылады.

Құралдарды сақтау дайындаушы белгілеген сақтау шарттарын сақтай отырып, дайындаушының қаптамасында тығыз жабылған арнайы бөлінген орындарда жүзеге асырылады.

Дезинфекциялау және жуу құралдарының жұмыс ерітінділері құралдың атауын, оның концентрациясын, дайындалған күнін, жарамдылық мерзімін (құралы бар сыйымдылықта түпнұсқа таңбасы болмаған кезде) көрсете отырып, таңбаланған ыдыстарда дайындалады және сақталады. Дезинфекциялау, жуу құралдары және олардың жұмыс ерітінділері балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақталады.

41. Үй-жайларды (оның ішінде медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, тамақтану залы, қойма үй-жайлары, рекреациялар, оқу кабинеттері, өндірістік шеберханалар, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар), санитариялық тораптарды жинау үшін кез келген тәсілмен таңбаланған жеке жинау мүкәммалы бөлінеді және бекітіледі. Жинау мүкәммалы таза түрде, жинау орындарына барынша жақын арнайы бөлінген орында (орындарда, үй-жайларда) санитариялық тораптарды жинауға және дезинфекциялауға арналған жинау мүкәммалынан бөлек сақталады және мақсаты бойынша пайдаланылады. Санитариялық тораптарды жинауға және дезинфекциялауға арналған мүкәммал өзге үй-жайлардың жинау мүкәммалынан бөлек арнайы бөлінген орында сақталады. Жинау аяқталғаннан кейін, жұмыс күнінің соңында барлық жинау мүкәммалы қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып өңделеді.

42. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) шаруашылық аймақта, үш жағынан қоршалған, тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді су өткізбейтін жабыны бар алаңда тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталады.

Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) тазартылады, жуылады және дезинфекцияланады.

Объектілердің аумағында қоқыс жинауға арналған урналар орнатылады.

43. Объектілерде үй-жайларға кеміргіштердің, жәндіктердің, құстар мен жануарлардың кіруін болдырмау жөніндегі, азық-түлік (тамақ) шикізаты мен тамақ

өнімдерін тамақ өнімдері зиянкестерінің ықтимал тіршілік ету (көбею) орындарын, оның зиянкестерімен ластануын болдырмайтын зиянкестермен (жәндіктер мен кеміргіштермен) ластанудан және бүлінуден қорғау жөніндегі шараларды жүргізу қамтамасыз етіледі.

1-параграф. Жағажайларды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

44. Жағажай жеке учаскеде, порттардан, шлюздерден, су электр станцияларынан, сарқынды суларды ағызатын жерлерден, мал қоралары мен суаратын жерлерден алыс орналастырылады немесе көрсетілген ластану көздерінен жоғары орналастырылады.

45. Су айдының түбі құмды, балшықтан, балдырлардан, шөгінділерден, өткір тастардан тұрады. Балалардың шомылатын орындарындағы су қоймасының тереңдігі 0,7-ден 1,3 м-ге дейін.

46. Жағажайды күннен қорғайтын қалқалармен, жатақтармен және орындықтармен жабдықтауға жол беріледі.

47. Аумақта киім ауыстыруға арналған кабиналар, САҚ немесе биодәретханалар, таза ұсталатын қоқыс жинауға арналған урналар орнатылады.

48. Жағажайлар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын құрылғыларымен, сондай-ақ емшараларды мөлшерлеп қабылдауға арналған солярийлермен, аэрарийлермен жабдыкталады.

Солярий – жабдықталған алаң, күн ванналарын қабылдауға арналған үй-жай.

49. Шомылу маусымы басталар алдында объектінің әкімшілігі су қоймаларынан суды санитариялық-химиялық, микробиологиялық, вирусологиялық, радиологиялық көрсеткіштерге зерттеуді және топырақты паразитологиялық көрсеткіштерге зерттеуді қамтамасыз етеді.

50. Шомылуға арналған су бетінің шекарасы айқын көрінетін, ашық түсті жүзбелі сигналдармен белгіленеді.

51. Жағажайда оның беткі қабатының құрамына байланысты (беткі қабат азайған немесе бұзылған жағдайда) таза құм немесе қиыршық тас құйылады. Құмды жағажайларда аптасына кемінде бір рет жиналған қалдықтарды алып тастай отырып, құмның беткі қабатын механикалық қопсыту жүргізіледі.

52. Адамдардың шомылуына арналған орындарда кір жууға және жануарларды шомылдыруға жол берілмейді.

53. Объект аумағында орналасқан су айдындарының жағажайы мен жағалау аймағын қауіпсіздік мақсатында объектінің әкімшілігі бақылайды.

2-параграф. Шатырлы (киіз үй) үлгідегі балаларды сауықтыру объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

54. Таңдалған учаскеде демалушылардың тыныс-тіршілігі мен тұрмысына қажетті жағдайлар жасау үшін шатырлар немесе киіз үйлер жабдықталады.

55. Шатырлар (киіз үйлер) шөп жамылғысы бар немесе топырақ тығыздалған алаңдарда орналастырылады. Шатырлардың (киіз үйлердің) айналасында атмосфералық судың ағуына арналған еңісі бар жыралар (шатырдан, киіз үйден) жабдықталады.

56. Шатырлы (киіз үй) үлгідегі БСО-ның аумағы периметрі бойынша айқын көрінетін белгілермен (жалаушалармен, ленталармен) белгіленеді немесе қоршалады.

57. Қалдықтарды өртеуге және көмуге, бұл үшін белгіленбеген орындарға шығаруға, сарқынды суларды ашық су объектілеріне, жыраларға және іргелес аумаққа тастауға, сондай-ақ сіңіргіш құдықтарды орнатуға жол берілмейді. Ағынды сулар ас үй мен жуғыштардан арнайы шұңқырға жіберіледі.

58. Шатырлардың типі (бір, екі және үш қабатты) жергілікті жердің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

59. Жылу оқшаулау қасиеттерін, қансорғыш жәндіктердің енуінен қорғауды (терезелер мен есіктердегі москит торы, сыдырма үлгісіндегі ілгек) қамтамасыз ететін, желдетуге арналған ашылатын клапан – терезелері, тығыз жабылатын кіреберісі, тақтай едендері және үрленбейтін борттары бар берік, су өткізбейтін (сыртқы шатыр – тент) шатырлар (киіз үйлер) пайдаланылады.

60. Шатырдағы (киіз үйдегі) жатын орындардың саны қоса беріліп отырған пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оның сыйымдылығымен айқындалады. Әрбір демалушы үшін ұйықтайтын қаптарды пайдалана отырып, жеке ұйықтайтын орын көзделеді.

61. Шатырларды (киіз үйлерді) кереуеттермен немесе жиналмалы төсектермен, киім мен аяқ киімді сақтауға арналған тумбочкалармен жабдықтау кезінде оларды жер бетінен кемінде 0,2 м (бұдан әрі – м) биіктікке орнатады.

62. Балаларды орналастыруға арналған барлық шатырлар (киіз үйлер) күн сайын желдетіледі және жуу құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жиналады, кемінде күнтізбелік жеті күнде бір рет дезинфекцияланады.

63. Палаталық (киіз үй) үлгідегі БСО -дағы САҚ тұрғын аймақ пен ас блогынан кемінде 25 м және шомылу орнынан кемінде 50 м қашықтықта орналасады.

Шатырлы (киіз үй) үлгідегі БСО-да САҚ немесе биодәретханалар пайдаланылады.

64. Шатырлы (киіз үй) үлгідегі БСО -ны бөлу орындарында тамақ өнімдерін сақтауға, тамақ дайындау мен қабылдауға, қалдықтарды жинау мен сақтауға, жеке гигиена қағидаларын сақтауға арналған аймақтар бөлінеді, жеке гигиенаны сақтау үшін жағдайлар жасалады. Қолжуғыштарды орналастыру тығыздалған алаңдағы қалқаның астында тұрғын аймақтың жанында қамтамасыз етіледі. Аяқ жууға, кір жууға, киімді

кептіруге арналған орындар, қоқыс жинайтын орын көзделеді. Себезгі бөлмелерін, ас блогын ыстық сумен қамтамасыз ету үшін суды жылыту шартымен себезгі бөлмелерін жабдықтауға жол беріледі.

3-параграф. Туберкулезге қарсы санаторийлерді күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

65. Бір корпуста рәсімдерді жүргізуге жатын үй-жайлармен орналастыруға рұқсат етіледі, бірақ зиянды ластайтын заттарды бөлінумен байланысты арналған үй-жайларға жол берілмейді.

66. Жатын үй-жайлар палаталы секциялардан көзделеді.

67. Зертханаларда, емшара, таңу бөлмелерінде, палаталарда, изоляторда, қақырық жинау бөлмесінде, туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауға арналған үй-жайларда, медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайларда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес пайдаланылатын экрандалған бактерицидті сәулелегіштер орнатылады.

68. Барлық үй-жайларды күн сайын ылғалды жинау және апта сайын күрделі жинау қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, кейіннен жатын бөлмелердегі ауаны пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес бактерицидті сәулелегіштермен залалсыздандыра отырып жүргізіледі.

69. Туберкулезге қарсы санаторийлерде қорытынды дезинфекция жылына екі рет және қайта бейіндеудің, көшудің, реконструкциялаудың, жөндеудің барлық жағдайларында жүргізіледі.

Туберкулезге қарсы санаторийлерде төсек жабдықтарын камералық зарарсыздандыру әрбір науқас шығарылғаннан кейін және жылына бір рет жоспарлы түрде жүргізіледі.

Туберкулезге қарсы санаторий – ол санаторий объектісінде (санаторий-курорттық ұйымда) адамдардың уақытша болуы жағдайларында халыққа туберкулезге қарсы емдеу-профилактикалық және оңалту көмегін (қызметтерін) ұсынатын туберкулезге қарсы ұйым.

4-параграф. Санаторийдегі балшықпен емдеу және физиотерапияға арналған үй-жайларды күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

70. Санаторийде балшықпен емдеуге және физиотерапияға арналған үй-жайларды күтіп-ұстау және пайдалану № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етіледі.

71. Табиғи көздерден (минералды балшық, саз) балшықпен емдеуге арналған құралдар бір рет қолданылады. Олардың негізіндегі құралдар (балшыққа арналған

маскалар) дайындаушының қаптамасында сақталады және заттаңбада, қаптамада көрсетілген олардың қолданылуы бойынша таңбалауға сәйкес пайдаланылады.

72. Объектілерде мынадай талаптарға сәйкес келетін рәсімдерге дайын емдік балшықтар қолданылады:

1) табиғи және рәсімдерге дайындалған емдік балшықтардың нормаланатын физикалық-химиялық және токсикологиялық көрсеткіштері осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес келеді;

2) табиғи және ем-шараға дайындалған емдік балшықтардың нормаланатын микробиологиялық көрсеткіштері осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес келеді.

73. Пайдаланылған емдік балшық ұзақ мерзімді қалпына келтіру үшін табиғи ортаға тасталады.

74. Фито-барлар пайдаланылатын тамақ өнімдерін дайындаушы белгілеген сақтау шарттары, ыдыстарды жуу, өңдеу және сақтау шарттары болған кезде ұйымдастырылады.

Тамақ өнімдері (оның ішінде тамаққа биологиялық активті қоспалар) таңбалануы, оның қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттамасы, қауіпсіздікті растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттар (сәйкестік туралы декларация, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) болған кезде пайдаланылады. Қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақтың мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерінің бірыңғай тізіліміне (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) енгізілген тамаққа биологиялық активті қоспалар (фито-шайларды қоса алғанда) пайдаланылады.

75. Санаторийлерде бальнеологиялық ем-шаралар жүргізу кезінде бір үй-жайда асқазанды шаю ем-шарасы қызыл иекті шаюмен, ішек себезгісімен және ішекке минералды су қоспасын және токішекке емдік балшықты енгізе отырып сифонды жуумен біріктірілмейді.

Емдік массаж жүргізу үшін пайдаланылатын массажға арналған кабинет араластырғыш арқылы ыстық және салқын су тартылған қол жууға, сүртуге және (немесе) кептіруге арналған құралдары бар жуыну раковинамен жабдықталады.

76. Алмалы-салмалы және адам организмімен жанасатын құрылғыларды (оның ішінде резеңке түтіктерді, ұштықтарды, үштіктер) дезинфекциялау қоса беріліп отырған пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

Жуу және стерилдеу "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28977 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінде тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

77. Балаларға арналған объектілерде балалардың бой-жас ерекшеліктеріне және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрықтарының талаптарына сәйкес келетін жиһаз және жабдық, оның ішінде балалардың ойын және спорт алаңдарына арналған жабдық көзделеді.

78. Объектілерде пайдаланылатын жиһаз, жұмсақ және қатты мүкәммал, жабдық (медициналық жабдық пен аспаптарды, сауықтыру қызметтерін көрсетуге арналған жабдықты, қоғамдық тамақтану объектілері мен ас блоктарына арналған технологиялық, жылу жабдығын қоса алғанда), санитариялық-техникалық аспаптар (оның ішінде унитаздар, қол жуғыштар, ванналар, себезгі тұғырықтары) жарамды күйде ұсталады және қолданылу мақсаты бойынша пайдаланылады. Ұй-жайларды әрлеудегі ақаулар, зақымданулар, жиһаздың, қатты мүкәммалдың, жабдықтың, санитариялық-техникалық аспаптардың сынуы мен зақымдануы, сондай-ақ бүлінген және тозған жұмсақ мүкәммал жөндеуге немесе ауыстыруға жатады.

79. БСО-дағы ұлдар мен қыздарға арналған бөлек жатын бөлмелер қоршалған қатты төсеніші бар бір немесе екі қабатты кереуеттермен, кереует жанындағы тумбалармен, киімге арналған шкафтармен жабдықталады.

Санаторийлердің жатын бөлмелері мен тұрғын бөлмелері кереуеттермен, тумбалармен, киімге арналған шкафтармен жабдықталады.

Сауықтыру ұйымдарындағы жатын, мәдени-көпшілік мақсаттағы және әкімшілік үй-жайлар тек жерүсті қабаттарында ғана орналастырылады.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Балалардың шомылуы күнтізбелік жеті күнде кемінде бір рет жүргізіледі. Бір жатын орынға (кемінде екі) төсек жабдығы жиынтығының болуы көзделеді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Төсек жабдықтарын, сүлгілерді ауыстыру ластануына қарай, бірақ күнтізбелік жеті күнде бір реттен сиретпей және тұратын адамдар кеткеннен кейін жүргізіледі.

Пайдаланылған киім-кешекті жинау тығыз арнайы қаптамада (үлбірде, полиэтилен қаптар, жабдықталған киім-кешек арбалары) жүзеге асырылады. Пайдаланылған киім-кешекпен жұмыс істеу үшін персонал ауысымды санитариялық арнайы киіммен қамтамасыз етіледі.

Санитариялық арнайы киім (бұдан әрі – арнайы киім) – ол персоналдың қорғаныш киімінің жиынтығы (бас киім немесе шашқа арналған тор, шалбары бар куртка немесе халат (бір рет немесе көп рет қолданылатын), сақалға (мұртқа) арналған тор; алжапқыш, аяқ киім; шикізатты, қосалқы материалдарды және дайын тамақ өнімдерін ластанудан, оның ішінде механикалық бөлшектермен және микроорганизмдермен ластанудан қорғауға арналған жеке қорғаныш құралдары (тыныс алу ағзаларына арналған қорғаныш маскасы (бір рет немесе көп рет қолданылатын) (бұдан әрі – маска).

82. Кір жуу объектінің кір жуу орнында жүзеге асырылады, ол болмаған кезде кір жуу арнайы кір жуу орындарында орталықтандырылып жүргізіледі.

Кір жуу орнында таза және пайдаланылған киім-кешектің қарама-қарсы ағынын болдырмай, технологиялық процестің ағымдылығын сақтау қамтамасыз етіледі.

Инфекциялық аурумен ауырғандардың іш киімдері жуу алдында дезинфекцияланады.

83. Жылына кемінде бір рет төсек-орын жабдықтары (матрацтар, жастықтар, көрпелер) оларды пайдалану, бұйымдарды таңбалау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес (камералық дезинфекциялау әдісімен немесе химиялық дезинфекциялау құралдарымен қоса алғанда) залалсыздандырылады.

84. Сатып алынған және пайдаланылатын өнім (оның ішінде ыдыс, жұмсақ мүкәммал (сүлгілерді, төсек-орын жабдықтарын, төсек-орын қажеттіліктерін қоса алғанда), қатты мүкәммал, жиһаз, жабдық, ойыншықтар, парфюмерлік-косметикалық өнім (тіс пасталарын қоса алғанда, адамның терісі мен шаш қабатына тікелей жағуға арналған өнім (сабынды, кремді қоса алғанда), жеке қорғаныш құралдары, жуу құралдары, тұрмыстық химия өнімдері (тауарлары), жеке гигиена құралдары) таңбалануы, оның қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттамасы, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттар (сәйкестік туралы декларация, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, сәйкестік туралы сертификат, ерекшеліктер) бар болған кезде пайдаланылады.

6-тарау. Балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінде тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

85. Объектілерде тамақтандыруды ұйымдастыру "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №880 шешімімен (ТР ТС 021/2011) бекітілген Кеден одағының техникалық регламентінің, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-16 бұйрығы) "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21857 болып тіркелген) және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

86. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Шатырлы (киіз үй) үлгідегі балаларды сауықтыру объектілерінің тамақтандыру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

104. Шатырлы (киіз үй) үлгідегі балаларды сауықтыру объектілері – бұл жазғы демалыс кезеңінде табиғи жағдайда ұйымдастырылатын, балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және оларға қызмет көрсету үшін шатырларды (киіз үйлерді) пайдалана отырып демалу түрі іске асырылатын балаларды сауықтыру объектілері.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Объектілерде тамақтандыруды ұйымдастыру № ҚР ДСМ-16 бұйрығының және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Балалардың сауықтыру және санаторий объектілері персоналының өндірістік бақылауды жүзеге асыруына, еңбек жағдайларына және тұрмыстық қызмет көрсетуіне қойылатын талаптар

115. Персоналды санитариялық-тұрмыстық қамтамасыз ету сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің, нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес объект персоналының типіне, мамандануына және санына сәйкес жүзеге асырылады.

116. Объектілерде персоналға жеке гигиена қағидаларын сақтау үшін жағдайлар жасалады. Қол жуу үшін араластырғыштармен, қол жууға, сүртуге және (немесе) кептіруге арналған құрылғылармен және құралдармен, қоқыс жинауға арналған урналармен жарақталған ыстық және салқын су келтірілген қол жуу раковиналары көзделеді.

117. Персонал (медицина қызметкерлері, техникалық персонал) таза арнайы киіммен, сондай-ақ жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етіледі. Персоналдың арнайы киімінің жиынтығы мен нысанын субъект экономикалық қызметтің әртүрлі ұйымдарының қызметкерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларына, эпидемиологиялық көрсеткіштерге және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түріне байланысты белгілейді.

Үй-жайларды жинау үшін жеке арнайы киім көзделеді. Арнайы киімді ауыстыру күн сайын және ластануына қарай жүзеге асырылады.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Объектілердің персоналы (медицина қызметкерлері, техникалық персонал) қолының тазалығын қадағалайды, таза арнайы киім мен аяқ киім киеді, объектіден шыққан кезде және дәретханаға барар алдында арнайы киімді шешеді, жұмыс басталар алдында және дәретханаға барғаннан кейін, сондай-ақ жұмыстағы әрбір үзілістен және ластанған заттармен жанасқаннан кейін қолдарын сабынмен жуады.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

119. Ас блоктарының, қоғамдық тамақтану объектілерінің персоналы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес жеке және өндірістік гигиенаны сақтауды қамтамасыз етеді.

120. Объектілерде:

1) міндетті, профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтпеген немесе денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа жарамсыз деп танылған, медициналық қарап-тексеруден және гигиеналық оқытудан өткенін куәландыратын құжаты жоқ адамдарға;

2) инфекциялық аурулармен ауыратын науқастар, инфекциялық аурулар қоздырғыштарын тасымалдаушы болып табылатын инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен байланыста болған осындай ауруларға күдікті адамдарға, қол терісінің және дененің ашық беттерінің іріңді аурулары, жоғарғы тыныс алу жолдарының аурулары (жіті респираторлық вирустық инфекция) бар адамдарға жұмыс

істуге жол берілмейді. Тамақ өнімдерін өндіру процесінде жұмыс істейтін адамдар ауру немесе симптомдар туралы, сондай-ақ бірге тұратын отбасы мүшелерінің ішек инфекцияларымен сырқаттануының барлық жағдайлары туралы медицина қызметкеріне немесе объектінің жауапты адамына немесе тікелей басшысына дереу хабарлайды. Науқастармен немесе осындай аурулардың тасымалдаушыларымен байланыста болған адамдар медициналық тексеру жүргізілгеннен кейін жұмысқа жіберіледі.

121. Объектілердің персоналы, халықтың декреттелген тобына жататын адамдар "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес міндетті медициналық тексеріп-қараулар жүргізу қамтамасыз етіледі.

Объектілердің персоналы, халықтың декреттелген тобына жататын адамдар "Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-196/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21652 болып тіркелген) сәйкес нысан бойынша міндетті медициналық тексеріп-қараудан, гигиеналық оқытудан өткені және жұмысқа жіберілгені туралы белгілері бар өзінің жеке медициналық кітапшасы болады, оның жұмыс орнында сақталуы қамтамасыз етіледі.

8-тарау. Балаларды, ересектерді және балаларды сауықтыру және санаторий объектілерінің персоналын медициналық қамтамасыз ету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

122. Объектілерде медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі.

123. Объектіде медицина персоналы мынадай:

- 1) балалардың сырқаттанушылығын төмендетуге және денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шараларының кешенді жоспарын әзірлеу;
- 2) ауыз су режимі мен тамақтануды тексеру;
- 3) үй-жайлардың, аумақтың, суға шомылу және спортпен шұғылдану орындарының дайындығын тексеру;

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) бекітілген 071/у нысаны бойынша "Сауықтыру лагеріне баратын оқушыға арналған медициналық анықтама" деген денсаулық жағдайы туралы құжат, инфекциялық аурулармен байланысы жоқ деген анықтама бар болған кезде БСО-ға балаларды қабылдау іс-шараларын жүргізеді жүргізеді. Санаторийде балалар мен ересектерді қабылдау № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасы болған кезде жүзеге асырылады. Медицина персоналы балалардың, ересектердің (пациенттердің, демалушылардың) денсаулық жағдайына динамикалық байқау жүргізуді, шынықтыруды, сауықтыруды жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 1-нысанына сәйкес міндетті медициналық қарап-тексеру объектілері персоналының уақтылы өтуін есепке алуды жүргізу және ас блогы персоналының денсаулығын күн сайынғы бақылауды ас блогы персоналын қарап-тексеру нәтижелері журналында деректерді тіркей отырып жүргізу;

6) осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 2-нысанына сәйкес тамақ өнімдері нормаларының орындалуын бақылау ведомосын кейіннен түзете және жүргізе отырып, тамақ өнімдерінің негізгі түрлері бойынша тәуліктік нормалардың орындалуына талдау жүргізу;

7) дене шынықтырумен айналысу үшін медициналық топтарға бөлу, дене шынықтыру және спорт жөніндегі нұсқаушыларды балалардың денсаулық жағдайы, спорттық сабақтардың ұсынылатын режимі туралы хабардар ету;

8) қабылдау жүргізу, пациентке медициналық көмек көрсету;

9) жазатайым оқиғалар туындаған кезде медициналық алғашқы көмек көрсету, стационарлық медициналық көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына тасымалдау;

10) Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" санитариялық қағидаларға және нормалау құжаттарына сәйкес санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыра және жүргізе отырып "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, улану оқиғалары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21532 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 26 қазандағы № ҚР ДСМ-153/2020 бұйрығына сәйкес

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне инфекциялық және паразиттік аурулар жағдайлары немесе оған күдіктер туралы шұғыл хабарламаны беру;

11) ас блогының күтіп-ұсталуына, тамақ өнімінің жағдайлары мен жарамдылық мерзімдеріне, тамақ дайындау технологиясына, дайын тағамның сапасына, сондай-ақ барлық үй-жайлар мен аумақтың, сумен жабдықтау көздерінің санитариялық жай-күйіне және күтіп-ұсталуына күн сайын тексеру жүргізу;

12) объектінің туризм жөніндегі нұсқаушысы (болған жағдайда) немесе персоналдың лауазымдық міндеттеріне сәйкес объектінің жауапты адамы (персоналы) балаларды жорыққа аттандырғанға дейін күнтізбелік екі күн бұрын маршрутты және суға шомылу орындарын зерттеп-қарау;

13) балалардың бассейндерде және су айдындарында шомылу кезіндегі су температурасын бақылау (су температурасы + 20°C төмен емес, ауа температурасы + 23°C төмен емес) іс-шараларын жүргізеді.

Ескерту. 123-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Объектілерде инфекциялық ауруларды тіркеу кезінде № ҚР ДСМ-84 бұйрығына сәйкес бекітілетін нысан бойынша инфекциялық және паразитарлық ауруларды есепке алу журналы жүргізіледі.

9-тарау. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

125. Инфекциялық аурулардың әкеліну және таралу қаупі төнген жағдайда объектілерде санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар мен санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруды және жүргізуді қамтамасыз ете отырып, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізіледі.

126. Объектілерді пайдалануды жүзеге асыру кезінде осы Санитариялық қағидаларға сәйкес шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде санаторий объектілеріне (санаторий-курорттық ұйымдарды, демалыс үйлерін қоса алғанда) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы қамтамасыз етіледі.

127. Объектілерді пайдалануды жүзеге асыру кезінде осы Санитариялық қағидаларға сәйкес шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде меншік нысанына қарамастан балаларды сауықтыру объектілеріне (мектеп жанындағы, қала сыртындағы лагерьлерді қоса алғанда) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы қамтамасыз етіледі.

"Балалардың сауықтыру және

санаторий объектілеріне
қойылатын санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
1-қосымша

Зертханалық-құрал-саймандық зерттеулер

P/c №	Сынама іріктеу орны	Зертханалық-құрал-сайманды зерттеулер, саны (бірлік)	Зерттеу жиілігі
1	2	3	4
1	Ас блогы	Тамақ өнімдерінің (шикізаттың) микробиологиялық көрсеткіштерге сынамасы, бірлік	Ағымдық қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
		Микробиологиялық зерттеулерге дайын өнім сынамасы	Ағымдық қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
		Микробиологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге судың сынамасы, бірлік	Ағымдық қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
		Тамақтың толық салынуы, тәуліктік құнарлылығы, бірлік	Ағымдық қадағалау тәртібімен
		Сыртқы орта объектілерінен алынған шайындыларды ішек таяқшалары тобының бактерияларына зерттеу, бірлік	Ағымдық қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
		Дезинфекциялау құралдары ерітіндісіндегі әрекет ететін заттардың белсенділігін айқындау	Ағымдық қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
		Бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеулерге жергілікті сумен жабдықтау көздерінен (орталықтандырылған, құдықтар, ұңғымалар, каптаждар) алынған ауыз су	Жаз маусымы басталар алдында, ағымдық қадағалау тәртібімен, сондай-ақ эпидемиологиялық көрсетілімдері бойынша
		Бактериологиялық, санитариялық-химиялық, вирусологиялық, паразитологиялық	

2	Жабық жүзу бассейні және ванналар, жағажай	зерттеулерге су сынамалары	Жаз маусымы басталар алдында, ағымдағы қадағалау тәртібімен
		паразитологиялық көрсеткіштер: бассейн шұңқырының суы	Ағымдық қадағалау тәртібімен
3	Емдік балшықтар	Микробиологиялық, физикалық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық көрсеткіштерге	Ағымдағы қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
4	Ас блогы	Желдеткіштің тиімділігі, шу	Ағымдық қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
5	Ойын үй-жайлары, оқу кабинеті, медициналық үй-жайлар	Жасанды жарықтандыру деңгейі	Ағымдық қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
6	Персоналды тексеру	Бактериологиялық тасымалдаушылыққа	Эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша
7	Топырақ, құм	Паразитологиялық, бактериологиялық көрсеткіштерге	Жаз маусымы басталар алдында, ағымдағы қадағалау тәртібімен, эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 2-қосымша

Үй-жайларды жасанды жарықтандыру деңгейлері

Үй-жайлардың атауы	Жарықтандыру (люкспен)		Жарықтандыру нормаларына жататын беткейлік
	люминисцентті шамдар кезінде	қыздыру шамдары кезінде	
1	2	3	4
Оқу, ойын бөлмелері және үйірмелерге арналған бөлмелер	300	150	үстелдің жұмыс беті
Жатын бөлмелер	75	30	еденнен 0,5 м деңгейде
Дене шынықтыру залы	200	100	еден
Рекреациялар	150	75	еден

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-

Табиғи және ем-шараға дайындалған емдік балшықтардың нормаланатын физикалық-химиялық және токсикологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Тұнба сульфиді	Торфянды	Сапропелевті	Шоқы
1	2	3	4	5
Ылғалдығы, %	25 – 75	50 – 85	60 – 90	40 – 80
Мөлшері 0,25 – 5 миллиметр (бұдан әрі –мм) минералды бөлшектермен ластану, % табиғи затқа	<3,0	<2,0	<2,0	<3,0
Мөлшері 5 мм-ден астам қатты минералды қосындылар	Жоқ			
Ыдырау дәрежесі (шымтезек, балшық үшін), % органикалық заттарға	40 төмен емес			
Ығысу кедергісі, дин / см ²	1500-4000	1500-4000	1000-2000	1500-2500
Уытты заттар				
Техногенді радионуклидтер (Cs137, зарарланған Sr90), беккерель/килограмм (Бк/кг)	Радияциялық қауіпсіздік нормаларына сәйкес			
Т сары металдар (Hg, Pb, Zn, Cu, Cd), миллиграмм / килограмм (бұдан әрі-мг / кг)	Топырақтың жергілікті табиғи фонынан артық емес			
Пестицидтер, мг/кг	Жергілікті топырақ үшін белгіленген нормалардан артық емес			

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 4-қосымша

Табиғи және ем-шараға дайындалған емдік балшықтардың нормаланатын микробиологиялық көрсеткіштері

--	--	--	--	--	--

Балшық түрлері	Жалпы микробтық Сан (ОМЧ), артық емес	Колититр ішек таяқшасы тобының бактериялары (БГКП)	Титр эширехия коли (лактозон)	Клостридия перфрингенс титрі	Патогенді кокк микрофлорасы, 10 грамм көк ірінді таяқша
1	2	3	4	5	6
Сапропелдік және төбелік балшықтар	1x10 ⁶ 5x10 ⁵	1 жоғары	30 жоғары	0,1 жоғары	жоқ
Лай орташа және әлсіз минералданған және рН 3,6-дан кем шымтезек	5x10 ⁵	10 жоғары	30 жоғары	0,1 жоғары	жоқ
Лай сульфидті қатты минералданған және рН 3,6-дан кем шымтезек	5x10 ⁵	30 жоғары	50 жоғары	0,1 жоғары	жоқ

Ескертпе: балшықтың микробиологиялық көрсеткіштері:

- 1) 1 грамдағы микроорганизмдердің жалпы саны – балшықтың органикалық заттармен ластану қарқындылығының көрсеткіші;
- 2) коли-титр немесе ішек таяқшасы тобы бактериясының құрамы (ІТТБ) – ішек таяқшалары тобы бактериялары анықталған балшықтың көлемі;
- 3) *Escherichia coli* титрі (эширехия коли) – *Escherichia coli* жаңа нәжістік ластанудың көрсеткіші ретінде анықталатын балшықтың көлемі;
- 4) *Clostridium perfringens* титрі (клостридия перфрингенс) – белгілі бір дәрежеде нәжістік ластанудың дәлелі ретінде клостридиум *perfringens* (клостридия перфрингенс) анықталған балшықтың көлемі;
- 5) терінің ауыр зақымдануын, тамақтан улануды және ауруларды (сіреспе) тудыратын микроорганизмдер ретінде – балшықтың белгілі бір көлемінде патогенді кокк микрофлорасының (стафилококктар, стрептококктар), *Pseudomonas aeruginosa* (көк ірің таяқшасы) болуы.

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық

Ас блогы жұмыскерлерін тексеру нәтижелерінің журналы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-нысан

р/с №	Жұмыскердің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Лауазымы	Отбасында ЖІИ болмауы туралы жұмыскердің қолы	Терінің іріңді ауруларын тексеру	ЖРВИ, баспаның болуын тексеру	Медицина қызметкерінің қолы	Ескертпе*
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе: * жазба: дені сау, науқас, жұмыстан шектетілді, санацияланды, еңбек демалысы, демалыс

_____ ЖЫЛҒЫ _____ айдағы тамақ өнімдері нормаларының орындалуын бақылау тізімдемесі

2-нысан

р/с №	Өнімнің атауы	Өнімнің 1 адамға граммен шаққандағы нормасы * (брутто)	Бір адамға күндер бойынша (барлығы) бруттода іс жүзінде берілген өнімдер, бір адамға г/ тамақтанатын адамдар саны										Бруттода 1 адамға 10 күнде берілген барлық азық-түлік	Орташа есеппен 10 күн ішінде	% (+/-) – да нормадан ауытқу
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10			
1	2	3	4										5	6	7